

Лисаков қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 122 "2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 522 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 қарашада № 6709 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 122 "2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6347 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 мамырда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1 және 2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Д.Е. Найденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қала әкімі

А. Исмағұлов

Әкімдіктің
2016 жылғы 1 қарашадағы
№ 522 қаулысына 1-қосымша
Әкімдіктің
2016 жылғы 4 сәуірдегі
№ 122 қаулысына 1-қосымша

2016 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру

тапсырысы, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	110	28324	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап - 8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	75	28324	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап - 8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Нұрлы Жол" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	280	28324	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Красногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын шағын-орталық	25	15028	3 жастан бастап - 7700
5	Лисаков қаласы	"Ясли-сад "Балақай" на 180 мест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	28324	3 жасқа дейін – 6600 3 жастан бастап - 8140

Әкімдіктің
2016 жылғы 1 қарашадағы
№ 522 қаулысына 2-қосымша
Әкімдіктің
2016 жылғы 4 сәуірдегі
№ 122 қаулысына 2-қосымша

2016 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--	--	--	--

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мұрагер" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	298	21225,53	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	230	18072,28	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Дельфинчик" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	302	17199,60	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ивушка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	302	18595,65	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	50	18417,57	3 жасқа дейін - 6600 3 жастан бастап - 8140